

ТАРИХИ КОНЦЕПТІЛЕРДІ ОҚЫТУ АРҚЫЛЫ ОҚУШЫЛАРДЫҢ ТАРИХИ ОЙЛАУ ҚАБІЛЕТТЕРІН ДАМУЫ

Калиева Д.М., тарих магистрі
«№25 ЖББМ» КММ
Қарағанды қ., Қазақстан

Білім беру жүйесінің басты міндеті – оқытудың жаңа технологияларын енгізу, білім берудегі ақпараттандыру, халықаралық коммуникациялық желілерге шығу, ұлттық және жалпы адамзаттық құндылықтар, ғылым мен практика жетістіктері негізінде жеке тұлғаны қалыптастыруға, дамытуға және кәсібін шыңдауға бағытталған білім алу үшін қажетті жағдайлар жасау қажет. Қазіргі таңдағы білім мазмұнын жаңаша бағытта өзгертудегі мақсат-білім алушылардың алған білімін өмірде қолдана ала білуі. Жас ұрпақтың бойында ұлттық-тарихи сананы қалыптастырудың негізгі жолы – ол тарихи білім болып табылады.

Тарихи сана – әлеуметтік философиялық ұғым. Көне дәуірдің өзінде өзінің төл мәдениеті мен өркениетін, сол арқылы адамзат өркениетінің даму негізін қалыптастырушы ұлттардың дүниетанымы, дәстүрі мен тәжірибелері айқын дәлел болып отырғандай, әрбір тарихи уақыт шеңберіндегі даму жекелеген адамдардың (ұлт тұлғаларының) интеллектуалдық қызметінен, интеллектуалдық дамуы тарихи санадан бастау алатындығын айқындайды [1,7].

Тарихи ойлау-тіл практикасымен және кеңістік қиялымен байланысты субъект пен тарихи шындық құрылысына бағытталған ақыл-ой жиынтығы.

Осы кезге дейінгі қолданылған оқу бағдарламаларында сыни ойлауға, проблемалық мәселелерді шешуге бағытталған тапсырмалардың болмауы, сонымен қатар оқушылардың бойында тарихи сананы, тарихи ойлау дағдыларын қалыптастырып, құндылықтарға баулуға бағытталған тапсырмалардың жетіспеуі, деректерге негізделген материалдардың тым көп көлемде берілуі тарих пәнін жаңаша тәсілдермен оқыту қажеттілігін туындатты [2,25].

Оқушылардың бойында тарихи ойлау мен тарихи сананы қалыптастырудың бірден-бір жолы – оқушыларды тарихи концептілерге сүйене отырып оқыту. Ең алдымен «концепт», «концепция» ұғымдарының мәнін ашып алайық.

Концепт туралы ғалымдар ойы әртүрлі.

Линн Эриксон: «Концепт – бұл көп мысалдарға ие, кең, абстрактілі, әмбебап идеялар» деп атаған.

Концепт – (лат. concipere) адам санасының ойлау бірліктері мен психикалық ресурстарын, білім мен тәжірибенің бейнелі көрсеткіштерін құрайтын, хабарлы құрылымдарды түсіндіруге мүмкіндік беретін когнитивті лингвистиканың негізгі ұғымдарының бірі [2,13].

Концепция (лат. conceptio — түсіну, жүйе) — басты ой, жетекші идея, әлемдегі, табиғаттағы, қоғамдағы құбылыстарға қатысты көзқарастар жүйесі [3,17].

Жаңартылған білім мазмұны бойынша өзара тығыз байланыстағы тарихи тарихи ойлау тұжырымдамасын жүзеге асырудағы концептілер алты бөлікке бөлінген. «Қазақстан тарихы» және «Дүние жүзі тарихы» пәндері бойынша тарихи ойлау дағдыларды қалыптастыру және оқу мақсаттарын тиімді жүзеге асыру төмендегі тарихи концептілерге (түсініктер) негізделеді:

- 1) өзгеріс пен сабақтастық;
- 2) себеп пен салдар;
- 3) дәлел;
- 4) ұқсастық пен айырмашылық;
- 5) маңыздылық;
- 6) интерпретация.

Дәлел-қарастырылып отырған дәлелге қатысты тарихи айғақтың ерекшеліктерін талдайды, мысалы: аудитория, мақсаттары, көзқарастар, формат, аргумент, шектеулер және контекст, тарихи айғақтарды талдау және бағалау негізінде дәйекті қорытынды жасайды. Өткен заман туралы объективті түсінік қалыптастыру мақсатында түпнұсқалық және қосалқы деректерден әртүрлі, кей кезде қарама-қайшы айғақтарды біріктіреді.

Өзгеріс пен сабақтастық-сабақтастық пен өзгеріске қатысты тарихи мысалдарды уақыт пен кеңістікте талдайды және бағалайды. Сабақтастық пен өзгеріске қатысты тарихи мысалдарды ұзақ уақыт бойы ауқымды тарихи процестер мен тақырыптарға дейін біріктіреді. Тарихи оқиғалар мен процестердің белгілі бір уақыт межесінде жүйеленуі мен ұйымдасуының негізін (критерийлер) түсіндіреді.

Себеп және салдар-бір немесе бірнеше себептердің және /немесе ықпалдардың өзара әрекеттесуін талдайды және бағалайды; ұқсастықтарды, себеп-салдарды, өзара байланысты көрсете отырып тарихи себептілікті түсінеді.

Ұқсастық пен айырмашылық-белгілі бір жерде, белгіленген бір уақыт кезеңінде және/немесе әртүрлі қоғамдарда, немесе бір қоғамның ішіндегі өзара байланысқан тарихи оқиғаларды салыстырады.

Маңыздылық-қоғамның дамуы үшін тарихи оқиғаның, құбылыстың, процестің маңыздылығын анықтайды.

Интерпретация-белгілі бір тарихи оқиғаға, құбылысқа, процеске қатысты әртүрлі көзқарастарды түсіндіреді және бағалайды [4,25].

Тарихи концептілер жаттандылықтан гөрі оқушылардың берілген материалдарды белсенді әрекеттер арқылы терең игеруіне көмектеседі.

Осыған байланысты мен де өз сабақтарымда оқушылардың терең тарихи ойлауын қалыптастыру үшін тарихи концептілерге сүйенемін. Мысалы: Қазақстан тарихы бойынша 5-сыныпта басталатындықта, сабағымды 5-сыныптан Кіріспе сабақтан бастайық.

Қазақстан тарихы 5-сынып Тақырып: Кіріспе Ежелгі дүние тарихында не оқытылады? Тарихи концепт: маңыздылық.

Зерттеу сұрақтары: Тарих дегеніміз не? Ол не туралы баяндайды? «Қазақстан тарихы» пәні нені оқытып үйретеді? Ежелгі дүние тарихы қандай кезеңдерге бөлінеді?

Археологиялық деректер қалай жинақталады?

Сын тұрғысынан ойлау әдісі.

Проблемалық сұрақтар қоя отырып, негізгі мәселелерге жауап беру. Топтық жұмыста осы зерттеу сұрақтары бойынша тарих ұғымының мағынасын ежелгі дүниенің негізгі кезеңдерін сипаттайды. Тарих ғылымының маңыздылығын анықтауға үйрету – менің негізгі мақсатым болып табылады.

Қазақстан тарихы 6-сынып Тақырып: Қазақстан аумағындағы ертеортағасырлық мемлекеттер.

Тарихи концепт: Ұқсастық пен айырмашылық

«Ақпараттық органайзер» әдісі

Кесте: Түрік қағанаттары деп аталады.


<i>Қағанаттар</i>	<i>Қағандар</i>	<i>Тарихи жылдар</i>
<i>Тірек сөздер</i>	<i>Тарихи ескерткіштер</i>	<i>Маңызды оқиғалар</i>

Бұл жерде оқушылар VI-IX ғасырлардағы Қазақстан жерінде құрылған қағанаттардың даму ерекшеліктерін түсіндіріп, олардың ұқсастықтары мен айырмашылықтарын анықтайды.

6-сыныпта Дүние жүзі тарихынан Еуропадағы орталықтандырылған мемлекеттер қалай құрылды? тақырыбында өткізген сабағымда тарихи концептілер: дәлел мен маңыздылық.

Ойын жинақтау әдісі

«Уақыт сызығы» - Уақыт сызығында белгіленбей қалған жүзжылдық соғыстағы тарихи оқиғалардың даталарын қойып шығады. Қызыл сызыққа соғыста басымдыққа ие болған мемлекеттерді көрсетеді. Уақыт сызығындағы көрсетілген аралықтағы тарихи оқиғаларды түсіндіреді.



6-сынып Дүние жүзі тарихы Тақырып: Орталықтанған және бытыраңқы мемлекеттердің белгілері

Тарихи концепт: Дәлел

Пікірталас әдісі

Кесте. «Орталықтанған және бытыраңқы мемлекеттердің белгілері» деп аталады.

Мемлекеттерді жіктеу және дәлелдеу. «Орталықтанған және бытыраңқы мемлекеттердің белгілері». Бұл тапсырмада оқушылар орталықтанған және бытыраңқы мемлекеттің негізгі белгілерін жіктейді. Дәлелдер келтіреді, өз ойларын ортаға салады.

Орталықтанған мемлекет	Дәлел	Бытыраңқы мемлекет	Дәлел

Қазақстан тарихы 6-сынып

Тақырып: Хақназар хан кезіндегі Қазақ хандығының сыртқы саясаты.

Тарихи концепт: Себеп және салдар

«Екі жақты палитра» әдісі

Қазақ хандығының сыртқы саясаты жөніндегі ақпаратты қолданып, Хақназар хан тұсында Қазақ хандығының Моғолстанмен, Ноғай Ордасымен, Өзбек және Ресей мемлекеттерімен сыртқы байланыстарының негізгі нәтижелерін саралайды. Жауаптарын 1 парақтың екі жағына жазады. 1. сәтті тұстары 2. сәтсіз тұстары.

Дүние жүзі тарихы 7-сынып.

Тақырып: XVII ғас. ортасындағы Ағылшын революциясы қандай маңызға ие болды? Тарихи концепт: интерпретация.

Кесте. Батыс Еуропа және Солтүстік Американың революциялары деп аталады.

Сын тұрғысынан ойлау әдісі.

Тапсырма. Батыс Еуропа және Солтүстік Американың революциялардың сипаттаудың негізгі ұғымдарының мағынасын табыңыз:

Негізгі ұғымдар	Анықтамасы
Капитал	
Буржуазия	
Жұмысшы табы	
Революция	

Қазақстан тарихы 8-сынып

Тақырып: Қазақ хандығының Ресей империясына қосылуының басталуы.

Тарихи концепт: өзгеріс пен сабақтастық.

Талдау әдісі

Ішкі саясат

Сыртқы саясат

Экономикалық жағдай

Әлеуметтік жағдай

Әрбір санат бойынша Қазақстанның Ресейге қосылуы кезеңіндегі өзгерістерді талдап үш сөйлемнен жазу ұсынылады.

Кесте: Қазақ хандығының Ресей империясына қосылуы кезеңіндегі өзгерістер деп аталады.

Ішкі саясат	Экономикалық жағдай
1.	1.
2.	2.
3.	3.
Сыртқы саясат	Әлеуметтік жағдай
1.	1.
2.	2.
3.	3.

Жаңартылған білім беру мазмұны жағдайында білім алушыларға концептуалды білім беру олардың тарихи санасын қалыптастырып, олардың кез-келген тақырыпта тарихи ойлауына ықпал етеді. Әрине, оқушылардың тарихи ойлау дағдыларын бірден қалыптастыру оңай емес. Ол үшін ең алдымен мұғалімнің теориялық білімі, оны практикада ұштастыра алатындай дағдысы болу керек.

Оқушылармен бірге тиімді нәтижеге жету үшін мұғалім төмендегідей мәселелерді есте ұстауы қажет деп санаймын:

1.Сабақ барысында оқушылардың жадында ұзақ сақталып қалу үшін берілген ақпараттарды қайта өңдеу.

2.Тарихи концептілер арқылы оқыту үшін қажетті деректер, ресурстар тиімді таңдап алынуы қажет.Сонымен қатар бірлескен оқу ортасын құру маңызды.

Қорыта келгенде, бүгінгі күні қазіргі заман ағымына сай жаңаша оқыту — сапалы білім берудің кепілі екеніне көз жеткіздік.Сондықтан жай ғана кәсіби міндеттерді жауапкершілік-пен орындағаннан гөрі көбірек күш-жігерді талап ететін сапалы әрі табысты білім беруге ерекше көңіл бөлуіміз қажет.

Пайдаланылған әдебиеттер

1. Ақиқат (ұлттық қоғамдық-саяси журнал) № 5, 2015
2. Ержанова А.С., Сыдыкова А.К., Туребаева А.Е. Концепт ұғымының теориялық негіздері // Молодой ученый, 2015.
3. Иргалиев С.С Концептуалды білім беру арқылы тарихи ойлау дағдыларын қалыптастыру. Чита: Издательство Молодой ученый,2017.
4. Негізгі орта білім беру деңгейінің 5-9-сыныптарына арналған «Қазақстан тарихы», «Дүние жүзі тарихы» пәндерінен жаңартылған мазмұндағы үлгілік оқу бағдарламасы.
5. Ділманов Б.Қ., Зейнулла А.З, Кенбаева Н.А, Уайсова С., Тұтқышбаева Г.Ж. Концептуалды білім беру арқылы оқушылардың тарихи ойлау дағдыларын қалыптастыру: әдістемелік нұсқаулық Астана: «Назарбаев Зияткерлік мектептері» ДББҰ Педагогикалық шеберлік орталығы, 2018.

ПРОЕКТНАЯ ТЕХНОЛОГИЯ НА УРОКАХ ИСТОРИИ В ОБНОВЛЕННОЙ ПАРАДИГМЕ ОБРАЗОВАНИЯ

Куштанова Г. Х., магистрант

(Научный руководитель: к.п.н., доцент **Никитина С.В.**)

Омский государственный педагогический университет

г. Омск, Россия

На современном этапе развития проектные технологии доказали свою эффективность во всех сферах жизнедеятельности человека и получили признание как универсальный способ постановки и решения проблем. Основоположником метода проектов, как известно, является Дж. Дьюи, который считал, что важно только то, что имеет практический результат, поэтому необходимо развивать критическое и абстрактное мышление, умение работать с информацией [1]. Проектные технологии обучения в последнее время широко используются в педагогической практике и позволяют направить деятельность учащихся на решение конкретной учебной или воспитательной проблемы. При этом результатом деятельности всегда является продукт, который разработали участники проекта для ее разрешения. Проект – это интегративное дидактическое средство развития, обучения и воспитания, которое позволяет вырабатывать и развивать специфические умения и навыки проектирования: проблематизация, целеполагание, планирования, рефлексии и самоанализа, презентация и самопрезентация. Главная педагогическая цель любого проекта – формирование различных компетенций, связанных с опытом их применения в практической деятельности.

Следует отметить, что международные и отечественные специалисты неоднократно указывали на слабость нашего фундаментального образования, в центре которого, в большей степени, лежит способность к запоминанию, нежели способность к мышлению. Этот недостаток фундаментальной подготовки не давал технологической отдачи, не формировал компетенции. В образовательных же системах передовых мировых держав, стран Организации экономического сотрудничества и развития в основе лежит компетентностная философия, при которой акцент делается, прежде всего, на технологический подход, формирование компетенций. Поэтому страны ОЭСР (Сингапур, Южная Корея, Япония, Финляндия) добились больших экономических успехов за счет компетенций, технологий в образовании, что привело к высокой конкурентоспособности человеческих ресурсов [2].

С целью преодоления данной проблемы в обновленной учебной программе сформулированы ожидаемые результаты, представленные в виде системы целей обучения, которые являются основой для определения содержания учебного предмета. Кроме того, отличительной особенностью